

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Ленинск сынақ полигонында құрлықаралық баллистикалық зымырандардың жойылатын шахталық іске қосу қондырғылары орналасқан жерлерде және "Байқоңыр" кешенінің Ленинск-1 ғарыш объектілерін ұшыру орнында жер учаскілерін қалпына келтіру туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1038 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ленинск сынақ полигонында құрлықаралық баллистикалық зымырандардың жойылатын шахталық іске қосу қондырғылары орналасқан жерлерде және "Байқоңыр" кешенінің Ленинск-1 ғарыш объектілерін ұшыру орнында жер учаскілерін қалпына келтіру туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі Айткүл Байғазықызы Самақоваға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Ленинск сынақ полигонында құрлықаралық баллистикалық зымырандардың жойылатын шахталық іске қосу қондырғылары орналасқан жерлерінде және "Байқоңыр" кешенінің Ленинск-1 ғарыш объектілерін ұшыру орнында жер учаскілерін қалпына келтіру туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ленинск сынақ полигонында құрлықаралық баллистикалық зымырандардың жойылатын шахталық іске қосу қондырғылары орналасқан жерлерде және "Байқоңыр" кешенінің Ленинск-1 ғарыш объектілерін ұшыру орнында жер учаскілерін қалпына келтіру туралы Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі (бұдан ә р і - Т а р а п т а р) ,

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы шартты және 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында уақытша орналасқан стратегиялық ядролық күштер туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімнің және 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартының (бұдан әрі - "Байқоңыр" кешенін жалға беру шарты) ережелерін назарға ала отырып,

1991 жылғы 31 шілдедегі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы шабуыл қару-жарағын қысқарту және шектеу туралы шарт (бұдан әрі - ШҚШ туралы шарт) пен оның 1992 жылғы 23 мамырда Лиссабонда қол қойылған хаттамасы бойынша өз міндеттемелерін негізге ала отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің күші РС-18 құрлықаралық баллистикалық зымырандардың (ҚБЗ) екі шахталық іске қосу қондырғыларына, РС-20 ҚБЗ төрт шахталық іске қосу қондырғыларына және Ленинск сынақ полигонында сынақтар жүргізуге арналған тиісті жабдыққа, сондай-ақ ҚБЗ немесе су асты кемелерінің баллистикалық зымырандарын ұстаған екі шахталық іске қосу қондырғыларына қолданылады не "Байқоңыр" кешені Ленинск-1 ғарыш объектілерін ұшыру жерінде оларды ұшыру үшін пайдаланылады.

2-бап

Осы Келісімнің 1-бабында аталған ҚБЗ шахталық іске қосу қондырғыларын жоюды оларды тағайындалуы бойынша пайдалану аяқталғаннан кейін қайта жабдықтауды немесе ШҚШ туралы шарттың қолданысына жатқызылатын заттарды жоюды реттейтін рәсімдер туралы хаттамаға сәйкес Ресей Тарабы жүзеге асырады.

ҚБЗ жойылатын шахталық іске қосу қондырғылары орналасқан жерлердегі (ҚБЗ шахталық іске қосу қондырғыларының бастарын жарғаннан кейін) жер учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар кешенімен байланысты жұмыстарды көрсетілген жұмыстарды қаржыландыру мәселесін шешетін Ресей Тарабы жүзеге асырады.

ҚБЗ жойылатын шахталық іске қосу қондырғылары орналасқан жерлерде жер учаскелерін қалпына келтіру жойғаннан кейін қалған қалдықтарды жоюды немесе көмуді, қажет болған жағдайда, ластанған учаскелерге бейтараптандыру жүргізуді, ҚБЗ жойылатын шахталық іске қосу қондырғыларының жер учаскелеріндегі табиғи

ландшафты қалпына келтіруді қамтиды.

ҚБЗ жойылатын шахталық іске қосу қондырғылары орналасқан жерлердегі жер учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың жобасын ҚБЗ шахталық іске қосу қондырғыларын жарғаннан кейін бір жылдың ішінде Қазақстан Тарабының уәкілетті органы өкілдерінің қатысуымен Ресей Тарабының уәкілетті органы әзірлейді, Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекітеді және Қазақстан Республикасының міндетті мемлекеттік экологиялық сараптауына жатады.

Жобаны іске асыру Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті мемлекеттік органымен келісілгеннен кейін және Қазақстан Республикасы уәкілетті органының бақылауымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

3-бап

Осы Келісімнің 1-бабында аталған ҚБЗ жойылатын шахталық іске қосу қондырғыларын "Байқоңыр" кешенінің жалға берілетін объектілерінің құрамынан шығару олар орналасқан орындардағы жер учаскелеріне қалпына келтіру жүргізілгеннен кейін "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына сәйкес жүргізіледі.

4-бап

Материалдық-техникалық құралдарды, оның ішінде осы Келісімнің 1-бабында аталған ҚБЗ шахталық іске қосу қондырғыларын жою және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажетті жарылғыш заттарды Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына әкелуді және Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына әкетуді "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына және "Байқоңыр" кешені жөніндегі өзге де келісімдерге сәйкес Ресей Тарабы жүзеге асырады.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындау жөніндегі қызметті ҚБЗ шахталық іске қосу қондырғыларын жою жөніндегі жұмыс тікелей басталғанға дейін айқындалатын Тараптар уәкілеттік берген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Тараптар бірін-бірі осы Келісімнің ережелерін орындау жөніндегі өз уәкілетті органдары туралы дипломатиялық арналар бойынша хабардар етеді.

6-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын барлық келіспеушіліктер консультациялар және келіссөздер жолымен Уәкілетті тараптардың мемлекеттік органдарының шешуіне жатады.

Тараптар уәкілеттік берген мемлекеттік органдар олар бойынша келісімді шешім қабылдамаған келіспеушіліктер Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның "Байқоңыр" кешені бойынша кіші комиссияның қарауына шығарылады.

7-бап

Осы Келісім Тараптардың ол күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді және осы Келісімнің 1-бабында аталған ҚБЗ шахталық іске қосу қондырғыларының соңғысы жалға берілгендердің құрамынан шығарылу сәтіне дейін қолданылады.

2004 жылғы "___" _____ каласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының *Ресей Федерациясының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*